



*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті
қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» ерікті
мектеп клубының 2022-2023 оқу жылына
арналған жылдық жұмыс жоспары*

2022-2023 оқу жылы

*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының
2022-2023 оқу жылына арналған жоспары*

№	Іс шараның атауы	Ұсынымдар	Мақсатты топ	Мерзімдері
1	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жоспарын бекіту	жоспарын жасақтау	5-9 сыныптар оқушылары	Қыркүйек
2	«Парасатты азамат» бұрыншын жасақтау	9-10 сынып оқушылары	9-10 сыныптар арасында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелерін сайлау.	Қыркүйек
3	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» пікірталас	9 -10 сынып оқушылары	«Құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік» мәдениетін қалыптастыру; «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыптарында пікірталас өткізу.	Қазан
4	«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында оқушылар арасындағы қабырғалар газет байқауы	5-10 сыныптар	«Адал ұрпақ» ұйымы мүшелері	Қараша
5	«Адал ұрпақ» ұйымының отырысы жиналыс	7-8-9-10 сыныптар	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының кезекті жиналысы	Желтоқсан
6	«Болашаққа ақша емес, ақыл қалдырамын» сынып сағаты	6- сыныптар	Бір ай ішінде оқушылар өткен жылғы аймақтық баспасөз мониторингін өткізу керек.Сол бойынша жемқорлық картасын жасақтау	Қаңтар
7	«Тарих өткелдеріндегі қазақтың үш бні» сахналық қойылымы (7-10 сынып оқушылары арасында)	7-10 сыныптар	Балаларға арналған ар-ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділеттілік сияқты қасиеттерді насихаттайтын ой-пікірлер	Ақпан



Бекітемін
Мектеп директоры:  М. Дуйсеев
01.09.2023ж.

*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті
қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» ерікті
мектеп клубының 2023-2024 оқу жылына
арналған жылдық жұмыс жоспары*

2023-2024 оқу жылы

*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының
2023-2024 оқу жылына арналған жоспары*

№	Іс шараның атауы	Ұсынымдар	Мақсатты топ	Мерзімдері	Жауапты
1	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жоспарын бекіту	жоспарын жасақтау	Адал ұрпақ жоспарын түзіп бекіту.	Қыркүйек 1.09.2023 ж	Ұйым пед Н Айтпаева
2	«Парасатты азамат» бұрышын жасақтау	9-10 сынып оқушылары	9-10 сыныптар арасында «Адал ұрпақ » ерікті мектеп клубының мүшелерін сайлау.	Қыркүйек	Ұйым пед Н Айтпаева
3	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» пікір сайыс	9 -10 сынып оқушылары	«Құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік» мәдениетін қалыптастыру; «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыптарында пікірталас өткізу.	Қазан	Н Айтпаева ҚББП Г Ояева
5	«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында оқушылар арасындағы қабырғалар газет байқауы	5-10 сыныптар	«Адал ұрпақ» ұйымы мүшелері	Қараша	Ұйым пед Н Айтпаева Тәлімгер М Абдраманова
5	«Адал ұрпақ» ұйымының отырысы жиналыс	8-9-10 сыныптар	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының кезекті жиналысы	Желтоқсан	Ұйым пед Н Айтпаева
6	«Болашаққа ақша емес, ақыл қалдырамын» сынып сағаты	6- сыныптар	Бір ай ішінде оқушылар өткен жылғы аймақтық баспасөз мониторингін өткізу керек.Сол бойынша жемқорлық картасын жасақтау	Қаңтар	Сатаева Ф
7	« Жастар жемқорлыққа қарсымыз» сахналық қойылымы (7- сынып оқушылары арасында)	7- сынып	Балаларға арналған ар-ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділеттілік сияқты	Ақпан	Кадралиева З

			қасиеттерді насихаттайтын ой-пікірлер		
8	«Мемлекеттік қызмет- елдің мүддесіне адал еңбек» бейнероликтер байқауы	9-11 сыныптар	Өскелең ұрпақ арасында мемлекеттік қызметті елдің мақсаттары мен даму басымдығын іске асыруға, әрбір азаматтың адал қызмет жасауға және күнделікті қажеттілігін қанағаттандыруға бейімделген маңызды институт ретінде түсінуін насихаттау.	Наурыз	Сынып жетекшілері Жүзбаева Н Ешпаева А Абдумаликова А
9	«Сыбайлас жемқорлық ғасыр дерті» пікір- сайыс	8-9-10 сыныптар	пікір-сайыс	Сәуір	Ұйым пед Н Айтпаева ҚББП Г Ояева
10	Қорытындылау жұмыстары	1-11	Қорынды шығару	мамыр	Ұйым пед Н Айтпаева

Ұйымдастырушы педагог:  Н. Айтпаева

Анықтама

13.02.2024ж

13.02.2024 ж мектебімізде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Жастар жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында 7- сынып оқушыларымен сахналық қойылымы ұйымдастырылып, мектеп кітапханасында өткізілді.

Максаты: Қоғамның әртүрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру,білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

7- сынып оқушылары өздерің сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендіктерін, сыбайлас жемқорлыққа төзбейтіндіктерін сахналық қойылым арқылы ашып көрсете білді. Оқушылар өз кезегінде үш билің Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің өмірі, қызметі, даналықтары туралы білімдерін толықтыру. Би деген атауға түсінік бере отырып, казак халқының атакты билерінің ұрпак келешегі үшін аянбай қызмет атқарғанын дәріптей отырып, кереметтей сахналық қойылым көрсете білді. Бүгінгі сахналық қойылымда мемлекеттің саяси өмірінде ел ішінде болып жатқан талас-тартысқа әділ шешім беретін қазақтың билеріне тоқтала отырып, Қазақ мемлекетінің саяси өмірінде билердің орны өте жоғары болғандығын дәріптей алды.

Дайындаған: Айтпаева Н;

Сынып жетекші: Кадралиева З



13.02.2024 ж мектебімізде 7- сынып оқушыларының ұйымдастыруымен "Жастар жемқорлыққа қарсымыз" сахналық қойылымы өткізілді. Мақсаты: оқушыларға ар- ұят, абырой, жауапкершілік , адалдық, әділеттілік сияқты құнды қасиеттерді бойына сіңіру.



Түркістан облысы
Төлеби ауданы
№8 жалпы білім беретін мектебі

Тақырыбы: «Жастар жемқорлыққа қарсымыз!»



Орындағандар: Айтпаева. Н
Сынып жетекші: Кадралиева З

2024 оқу жылы

«Жастар жемқорлыққа карсымыз!»

Мақсаты: Қоғамның әртүрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа карсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру,білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Сахналық қойылымның көрнекілігі: Тақырыптық слайд, бейнеролик.

Қойылымның өту әдісі: көрініс

Сахналық қойылымның барысы: Тақырыпты ашу

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- 1) мақсатын айту
- 2) қатысушылармен таныстыру
- 1.Мектеп әкімшілігі

II.Негізгі бөлім

Баяндамалар тыңдау:

- А.«Сыбайлас жемқорлық» -деген не?
- Б. Жемқорлықтың пайда болуымен күресу.
- В. «Сыбайлас жемқорлыққа карсы күрес туралы» заңнамалары
- С. Қазақстандағы «Сыбайлас жемқорлыққа карсы күрес» шаралары мен әдістері.


«Сыбайлас жемқорлық» - деген түсінік мағынасына этимологиялық тұрғысында карау, мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға, пара сатып алу» -деген түсінік бергенде а карсы іс – әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас – жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипатталады.Қоғамдағы лауазымдық өкілеттілікті асыра пайдалануды, билік етуді немесе лауазымдық өкілеттілікті арттыру, қызметтік жалғандық, сеніп тапсырылған мүліктерді ұрлау және нелену, біле тұра өтірік айғақ көрсетуді, куәларды, жәбірленушілерді немесе сарапшыларды сатып алу, сот шешімдерін, үкімдерін және басқаларды лауазымдық тұлғалардың орындамауы, сыбайласқан байланыстарды қолдау жиі кездесетінін көрсетіп отыр.Қарапайым түсінік бойынша бәрінен бұрын сыбайлас жемқорлықты мемлекеттік қызметпенбайланыстырады. Бар беталысқа карамастан және басқа салада – үкімет билігі және жеке кәсіпкерлердің әкімшілігі сыбайлас жемқорлыққа карсы заңнаманы таратуда – мемлекеттік лауазымдық тұлғалар арасында сыбайлас жемқорлықпен күресуге



Түркістан облысы
Төлеби ауданы
№8 жалпы білім беретін мектебі
«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»



Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ»
пікірталас



Өткізген: Н. Айтпаева

2022-2023 оқу жылы

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» пікір талас сайысы.

Мектепшілік дебат клубтары арасында «Адал ұрпақ» ұйымының мүшелерінің қатысуымен «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында пікір-талас сайысы.

Мақсаты:

1. «Сыбайлас-жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.
2. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту
3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптастыру

Өткізудің нысаны: дебат АПФ

Өткізудің технологиясы мен әдістер: Пікірталас, сұхбат, құқықтық ақпарат

Барысы:

1. Ұйымдастыру

Көрме ұйымдастыру:

«Жемқорлық – ғасыр дерті» атты сурет иллюстрациясы

2. Кіріспе сөз: Н. Айтпаева Салеметсіздер ме құрметті ұстаздар мен оқушылар. Бүгінгі сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ! тақырыбына арналған пікір таласымызды бастауға рұқсат етіңіздер. Баршамызға Сыбайлас жемқорлық жергілікті проблема болудан қалып, ұлт шегінен тысқары құбылысқа айналғаны, оның қоғамды және барлық елдердің экономикасын қамтып отырғаны белгілі.

Мектебімізде Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды насихаттайтын, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға жәрдемдесетін және қатысатын «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылған. Клуб сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізу бағытында жұмыстарды атқаруда.

Сыбайлас жемқорлық туралы түсінік беру:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу деп түсініктеме берілген.

1-жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті ұстаздар мен оқушылар. «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» атты дебат түрінде ұйымдастырылып отырған пікірталасымызды бастаймыз!!!

Максаты: оқушыларды адал жолмен жүруге, адалдыققа үйрету. Сыбайлас жемқорлық туралы қысқаша мағұлматтар беру. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

1 топ: Оң канат –жақтаушы және 2 топ: Сол канат-даттаушы пікірталас өткізу. Ең күшті аргументтер келтірген топ жеңіске жетеді.

Олай болса 2 топқа тапсырма: оң канат-«Сыбайлас жемқорлықты қоғамда жою мүмкін» сол канат «Жоқ ,сыбайлас жемқорлықты қоғамда жою мүмкін емес» тақырыбына жақтайтын және даттайтын аргументтер беру тапсырылады.

1-жүргізуші: Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

2-жүргізуші: Сыбайлас жемқорлық - бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес. Сондықтан, бұл індетке бірлесе қарсы тұруымыз керек.

1-жүргізуші: «Сыбайлас жемқорлық» деген не?

“Сыбайлас-жемқорлық” деген түсінік - “параға сатып алу”, “пара” ретінде, “corruptio” деген латын сөзін шыққан. Рим құқығында “corruptio” түсінік болған, ол “сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген.

Сыбайлас жемқорлықтың шығу тарихына тоқтала кетіік: жемқорлық б.з.б. IV-III-мыңжылдықтарда Алдыңғы Азияда Шумерліктерде, Б.з..б. III-II мыңжылдықтарда Мысыр, Өзен аралығы, Үндістан, Қытай, Иудей халықтарында пара алу түсінігі болған. Карфаген, Рим империясы, Византия, Осман империясы секілді өз заманы-ның күдіретті мемлекеттерінің ыдырап, жойылып кетуінің ең басты себептері-нің бірі осы сыбайлас жемқорлық.

Өкінішке орай, барлық әлем елдері сияқты «Сыбайлас жемқорлық» Қазақстан Республикасында айналып өткен жоқ. Қылмыстың бұл түрінің біздің қоғамымыздың да барлық саласына тамыр жайып кеткені жасырын емес. Ең қауіптісі, ол білім беру, медицина сияқты ізгілікті діттеген салалардан бастап құқық қорғау органдарына дейін бой көрсетіп жүр.

2- жүргізуші. Келесі сөзді топ мүшелеріне берейік.

1 оң канат- жақтаушылар (аргументтерін келтіреді)

2 сол канат-даттаушылар (аргументтерін келтіреді)

1-жүргізуші: Келесі сөзді жақтаушы және даттаушы топтардың мүшелеріне берейік.

1 оң канат- жақтаушылар (аргументтерін келтіреді)

2 сол канат-даттаушылар (аргументтерін келтіреді)

Келесі тапсырма : жағдаят шешу

Азамат Б. Абай .Мырзахметов атындағы университетінің 4 курс студенті. Оқу жылы аяқталуда, алда 8 пәннен мемлекеттік емтихан тапсыруы кажет.

Оның ата-анасы оқу үлгерімінің нашар екенінен хабарсыз. Баласының жоғарғы оқу орнын аяқтап, диплом алып, болашақта үлкен маман иесі болатынына сенімді, үлкен үміт күтеді. Ол емтиханның 2 рет құлағаннан кейін, Университеттің бірнеше оқытушысының әр қайсысына 30 мың теңгеден пара береді.

1. Азамат Б әрекеті дұрыс па не бұрыс па?

2. Мұндай жағдайда оқытушылардың іс-әрекеті дұрыс па не бұрыс па ?

3. Азамат Б. біреуге пара бергені үшін жауапқа таруға болады ма? Иә болады. Жок болмайды.

(Топтар талқыға салады)

2-жүргізуші: ҚР ҚК 367 бабына сәйкес Пара бергені үшін мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойынан айрылып, параның 20 еселенген мөлшерінде айыппұл салынып, не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылу жазалары қолданылады.

1 жүргізуші: ҚР ҚК 368 бабына сәйкес Парақорлыққа делдал болғаны үшін мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойынан айрылып, параның 10 еселенген мөлшерінде айыппұл салынып, не 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылу жазалары қолданылады.

Н. Айтпаева «**Ой жалғау**»

1. Заңның құрығы ... (бәрінен ұзын)

2. Өш алғаннан гөрі ... (кешірген жөн)

3. Ақырын жүріп (анық бас)

4. Асыл тастан ... (өнер жастан)

5. Тура биде... (туған жоқ)

6. Хан болсын, ханға лайық ... (Заң болсын)

7. Батыр болсын, жорық жолы... (мақұл болсын)

1. Ұрлық түбі ... (қорлық)

2. Жазасын тартпайтын ... (жамандық жоқ)

3. Әдепті бала ... (арлы бала)

4. Тәрбие ... (отбасынан басталады)

Бейне роликке назар аударайық! (видео ролик көрсетіледі)

Топтарға тапсырма: Осы бейне роликті көрген кезде қандай сезімде болдыңдар?

Роликтегі адамдардың әрекеті дұрыс па немесе бұрыс па?

(2 топ бірден аргумент келтіреді)

1-жүргізуші:

Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары:

- қоғамның бақытты болашағын тежейді;
- елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді;
- жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

2-жүргізуші: Республикамызда сыбайлас жемқорлықты реттейтін бірқатар нормативтік құқықтық актілер қабылданған.

ҚР 37 мемлекет қабылдаған конвенцияға қосыла отырып, 1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылдады. Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік –құқықтық актілерде қабылданды оларға «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдары жатады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін жазаның түрі мен мөлшері жасалған қылмыстық әрекеттің қауіптілік деңгейі мен келтірілген залалына байланысты болады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 15-тарауында Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқықтық бұзушылықтар үшін әртүрлі жазалар қарастырылған.

1-жүргізуші: ҚР ҚК 361 бабына сәйкес Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланғаны үшін мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айрылып, 2000 АЕК айыппұл төлеу, 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылу немесе шектеу жазалары қолданылады.

2-жүргізуші: ҚР ҚК 366 бабына сәйкес Пара алғаны үшін мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойынан айрылып, параның 50 еселенген мөлшерінде айыппұл салынып, не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылу жазалары қолданылады.

5. Әділ істің...(арты
игі)

6. Абыз болсын, абыз сайлау... (парыз болсын)

7. Би болсын, би түсетін... (үй болсын)

2-жүргізуші: Келесі сөзді жактаушы және даттаушы топтардың мүшелеріне берейік.

1 оң канат- жактаушылар (аргументтерін келтіреді)

2 сол канат-даттаушылар (аргументтерін келтіреді)

1-оқушы

Жамандыққа тосқауылды қояйық, Пара алғанның жолы жабыққой анық,
«Қазақстан-2050»-айқын жол, Күресейік, жемқорлықты жояйық.

2-оқушы

Әр ата-ана өнеге берсін балаға,
Тәрбиесіз шок жұлдыздың жанама,
Адалдыққа, даналыққа үйретсең,
Жолдан таймас ар болған соң санада.

3-оқушы

Пара алғандар темір тордан әрі асар,
Алса да оны мойындамай санасар,
Беделі кетіп, қайыры қашып ортадан,
Мәнді өмірі енді қайтіп жарасар.

4-оқушы

Қазақ елі байтақ болсын десеңіз,
Жемқорлықтың жолын бірге кесеміз,
Сонда ғана жер гүлденер, ел байып,
Сонда ғана шарықтаймыз, өсеміз.

5-оқушы

Егеменді өсер елде тұрам Мен,
Білдіремін сезімімді жыр-әнмен.
Жолыменен Елбасының жүрейік,
Сабақты қортындылау: Н Айтпаева

Ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, барша әлемге танылдық,
мемлекетіміздің тамыры тереңге тарап, нығая түсуіне бағытталған құқықтық
заңнамалар қабылданды, ел экономиясы мен әлеуметтік жағдайымыз түзеліп,
әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнымызды айқындадық. Қоғам дамуының
жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әр түрлі кеселдерден айығуды міндет
етіп қойдық. Ол жол – Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың
бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы.

Құрметті оқушылар әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсатты
нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктерімізді пайдалануға тырысайық .

Патриоттық ән . Атамекен орындалады.



“Біртұтас тәрбие бағдарламасы” аясында мектебімізде
10.10.2023 оқу жылы
“Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!”
тақырыбы аясында 9-10 сынып оқушылары арасында
пікір сайыс ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты:

“Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп,
пайда болу жағдайлары жайлы
түсінік қалыптастыру.
Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту.
Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту
Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке
тәрбиелеу.



Анықтама

10.10.2023 ж

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» максатында 10.10.2023 ж мектебімізде «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында ар- ұят, талап ұлттық мүдде құндылықтары аясында 9-10 сынып оқушылары арасында пікірсайыс ұйымдастырылып өткізілді. Пікірсайыс ережесі бойынша оқушылар 2- топқа бөлінді.

Пікірсайысты бастамас бұрын Адал ұрпақ ерікті мектеп клубының жетекшісі Н. Айтпаева оқушыларға Сыбайлас жемқорлық туралы түсінік беріп өтті. Сонымен қатар «Сыбайлас жемқорлық» деген не? Сыбайлас жемқорлықтың шығу тарихына шолу жасап өтті. Оқушылар «Жақтаушы» және «Даттаушы» болып екі топқа бөлінді. Оқушыларға алдын-ала тапсырма берілді. Тапсырма бойынша оң канат- «Сыбайлас жемқорлықты қоғамда жою мүмкін» сол канат «Жоқ, сыбайлас жемқорлықты қоғамда жою мүмкін емес» тақырыбына жақтайтын және даттайтын аргументтер беру тапсырылады. Ең жақсы келтірілген аргументтер бойынша қай топтың жеңіске жететіндігі анықталды. 1- топ «Ақиқат» 2- ші топ «Парасат» болып анықталды. Келтірілген аргументтерді негізге ала отырып, жақтаушы «Ақиқат» тобы жеңіске жетті. Біртұтас тәрбие бағдарламасының негізіне сүйене отырып, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде алдағы уақытта сыбайлас жемқорлыққа төзбейтін нағыз адал азаматтар мен азаматшаларды дұрыс бағытта жол көрсететін отырғандығымыз айқындала түскендей. Оқушылар өздерінің нағыз елінің патриоты, адал азаматтары екендігін пікірталас арқылы көрсете алды.

Дайындаған, ұйымдастырушы педагог: Н. Айтпаева